



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Сурет 2 - Шипажайдың бюджет бөлінісінің көрінісі.

Ескерту: Автормен құрастырылған

Суреттегі барлық көрсеткіштер, осы жердің, елдің өз өнімдері болғандығы қадағаланады, бірақта, бізде, әсіресе, денсаулығы шектеулі адамдарға арналған арнайы құралдардың болмауына байланысты, оларды шетелдерден арнайы тапсырыспен алдырылады, ол әсіресе, Германия мен Израиль мемлекеттері.

Келесі келелі блок демалушылардың бірнеше сегментін қабылдайды, олар әсіресе, мүмкіндігі шектеулі балалар мен спорт мектептерінде оқитын оқушыларды қабылдайды. Мысалы, Қазақстанның бірнеше қалаларында спорт мектептері бар: Алматы қаласында Бекзат Саттарханов, Балуан Шолақ атындағы және Астана қаласындағы мектептер. Сондай-ақ, бізде көптеген балалар, түрлі жарыстарға қатысады, түрлі жүлделерге ие болады, осындай балалар мен жасөспірімдерді де осы шипажайда қабылдау орынды болар еді.

Келем деушілерге шипажай өз қызметін ұсынады, олардың бір ерекшелігі, қабылдаушыларды жас шамасына қарай бөліп, өз бағдарламаларын ұсынады. Шипажайға келушілердің күндері шектелмеген және шипажай арнаулы күнделікті келіп-кетушілер өз қызметін ұсынады.

Шипажай өз қызметтерін жарнамалау барысында, жергілікті және облыстық, республикалық ақпарат көздерін пайдаланады. Шипажайда білім беру ісі үнемі іске асырылады, әсіресе, онда мүмкіндігі шектеулі балаларды өмір сүруге үйрету сабақтары көптеп жүргізіледі, сабақтарды арнаулы дайындалған білікті мамандар іске асырады, мысалы, сөйлеу мәнері бұзылған балалар мен физикалық жүктемеден кейін оңалу үрдістерін үйрету, массажды дұрыс жасау сабақтары, ойлау қабілетін арттыру сабақтары (әсіресе, шахмат, үстел теннисі, тоғыз құмалақ, асық ату) ұйымдастырылады.

Емделушілердің өзіндік бағдарламаларына сай түрлі емдік, тарихи, мәдени жерлерге маршруттар ұйымдастырылады (мысалы, Түркістан қаласы, Ташкент қаласы, т.б.). Маршрут жетекшілері ретінде «Туризм» мамандығының менеджерлері алынады, ол оы аумақтағы туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

Шипажай маңайында «Балғын балалық шақ» атындағы бақтық-парктік алаң ұйымдастыру керек, онда келген туристердің түрлі бағдарламалық жаттығулары орындау, рекреациялық күшін қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

Емделушілердің емдік бағдарламалары жеке бекітілген емдеу процедурасына байланысты емдеуші дәрігердің бекітуімен іске асырылып, немесе кішігірім топтармен ұйымдастырылады. Шипажайдың емдеуші дәрігерлері арнаулы дайындықтан өтіп, олар балалардың физикалық ерекшеліктерін білетін мамандар ретінде қабылданады.

Қолданылған әдебиет

1. <http://www.bibliotekar.ru/420/77.htm> Домашний Доктор. Справочник. Глава XXIII. Санаторно курортное лечение
2. <http://articlekz.com/article/8208> Санаторно-курортный комплекс Казахстана: особенности и перспективы развития.
3. http://eltour.kz/arman_saryagash. Арман Сарыағаш

ӨОЖ 338.48:339.137.2(574)

ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТУРИСТІК ӨНІМІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ

Жабытай Маржан Ержанқызы, Садықбек Гүлзат

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономикалық факультеті, «Туризм» мамандығының
3 курс студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Шаимова А.Н.

Туризм елдің экономикалық жағдайын артық шығынсыз арттырудың жолы болып табылады. Себебі, әлемдік тәжірибенің өзі көрсетіп отырғандай, аршынды адыммен алға кеткен мемлекеттердің көпшілігі өз қоржындарын түрлі инвестициямен толтыру кезінде көбіне көп осы салаға арқа сүйейді.

Расында, экономиканың қарыштап дамуында туризмнің алар орны айрықша. Оған ешкім күмән келтірмейді. Дүниежүзілік туристік ұйымның соңғы кездегі таратқан мәліметтеріне қарағанда, осы саламен айналысатын мемлекеттер қазынасына сырттан түсетін инвестицияның 10 пайызға жуығы тек біз сөз етіп отырған табыс көзінің еншісіне тиесілі екен. Сонымен қатар, әлемдік ұлттық жиынтық өнімнің 6%, әлемдік инвестицияның 7%, әр 16-жұмыс орны, әлемдік тұтынушы шығындарының 11%, барлық салық түсімінің 5% келеді. Сондықтан да туризмнен түскен кіріс дүние жүзі бойынша әлі күнге дейін мұнай экспорты мен көлік сатудан кейінгі үшінші орынды иеленіп келеді.

Қазақстан туризмінің жағдайын көтеру үшін туристік қызмет көрсетулерде тұтынушыларға ұсынатын басты тауар туристік өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет. Туристік өнімнің басты міндеті – тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады.


Мемлекетіміздің алдында тұрған ең маңызды мәселелердің бірі - қазақстандық және шетелдік азаматтардың әртүрлі туристік қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешен құру, саланы дамытудың экономикалық және құқықтық тетіктерін әзірлеу, Қазақстанның туристік өнімінің сапасын қамтамасыз ету. Қазақстанда ұсынылатын көптеген турлар жаяу, тау және атты туристік қызметтер түрлеріне жатады. Бірақ, бұл турлар жайында ақпарат жеткіліксіз және осы туристік өнімнің өзі сатуға дайын емес.

Қазақстан Туристік Ассоциациясының және IPK (Institute for Public Knowledge) компаниясының эксперттерімен өткізілген талдау Қазақстанның туризм саласы үлкен потенциалға ие екендігін көрсетті. Онда Қазақстанның ұлттық парктері және қорықтарының саны, аса көрнекті мәдени мұра орындары және сарқылмас табиғи байлықтары есепке алынған болатын. Жергілікті туристердің пікірлеріне зерттеу және сауалнама жасау Қазақстанды бірнеше мың жыл көлемінде көшпенділер өмір сүрген және өздерінің шынайы мәдениетін қалдырған мемлекет екендігін дәлелдеді.[1]

IPK халықаралық компаниясының 2012 жылы жүргізген маркетингтік зерттеуі бойынша шетелдік туристер келесідей туризм түрлеріне қызуғушылық танытады (Сурет 1).

Берілген мәліметтерден шетелдік тұтынушылардың далалық сафариге, соның ішінде далалық аймақтарда джиппен саяхат және ұлттық аң аулауға сұранысының жоғары екендігін көруге болады. Алайда, далалық сафари туризмінің ресурстары болғанымен, инфрақұрылымы төмен деңгейде. Маңыздылығы бойынша екінші орында – мәдени – танымдық туризм. Соңғы жылдарда туризмнің осы түріне еуропалық және американдық туристер назар аударуда. Осыған байланысты елімізде құрамында Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан объектілер, көшпенділер мәдениеті және 9 мыңнан астам ескерткіштер бар 7 аймақ қолға алынған. Олардың басым көпшілігінде реставрациялық жұмыстар жүргізіліп, қалпына келтірілуде. Үшінші орында – экологиялық турлар. Экологиялық туризм аз шығын жұмсалатын және тартымды туризм түріне жатады. Бұл туризм туристерге қоршаған ортаның табиғилығын сезінуге, табиғат ескерткіштері мен көрікті жерлерін көруге, жануарлар мен құстарды бақылауға мүмкіндік береді. Қазақстанда 900 шамасында ұлттық қорықтар мен парктерге маршруттар ұйымдастырылған. Қазақстанда тау туризмін де дамытуға көңіл бөлінуде. Республикада Медеу, Шымбұлақ, Табаған, Ақбұлақ және Тянь – Шань тау массивтерін алатын 20 тау зоналары бар. Осы аймақтарда тау шаңғы базаларының құрылысы қалыптасып жатыр. Тау туризмінен бөлек шетелдік туристерді туризмнің экстремалдық, спорттық және оқиғалық түрлері де қызықтырады.

Сурет 1. Шетелдік туристер тарапынан қызығушылыққа ие туризм түрлері



Қазақстандағы туристік өнімдерді бөлудің өзіндік ерекшеліктері бар, яғни фирмалар туроператорлар және турагенттер болып жұмыс жасайды және бір уақытта екі функцияны қатар атқарады. Туроператорлардың көп бөлігі бастамашы (инициативті) болып табылады және сыртқы турлармен қатар мемлекеттің ішкі сапарларын да ұйымдастырады. 2012 жылы Қазақстан 1994 туристік ұйымдар мен фирмалар тіркелінген. Осы фирмалармен қызмет көрсетілген адамдар саны 641,3 мың адамды құрайды. Алдыңғы жылмен салыстырғанда 2%-көбейген (630,6 мың адам, 2011 жыл). Туристік қызмет құрылымында ішкі туризм 31,5%, кіру туризмі 4,7%, шығу туризмі 63,8% құрайды.[1] Қазақстандық туроператорлардың көпшілігі шетелге бағытталған турларды ұсынады. Мысалы, ТезТур, Саят, Три кита және т.б. Олар қазақстандық турөнімді қалыптастырмайды. Сондықтан да, біз қазақстандық турөнімді қалыптастырып және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндігі бар туроператорларды салыстыруды жөн көрдік (Кесте 1).

Кесте 1. Қазақстандық турөнімді қалыптастыратын туроператорлар және олардың көрсететін қызметтері

Туроператорлар	Турларға сипаттама	Бағыты
Көмектур(Алматы)	Іскерік турлар	Қазақстан және шетелге бағытталған[2]
	Танымдық турлар	
	Емдік турлар	
“Рахмановские ключи” ЖШС (Өскемен)	Емдік туризм (курорттық сауықтыру, қалпына келтіру емдері)	Белуха тауы[3]
	Тау – шаңғы туризмі	Алтай тауы
	Жағажай туризмі	Бұқтырма суқоймасы
Фараб (Алматы)	Әлем бойынша саяхаттау және демалыс	Қазақстан бойынша және шетелге бағытталған турлар
	Санаториялық – курорттық емдеу	
	Шетел колледждерінде тіл курстары	
	Бизнес турлар, көрмелер, конференциялар, семинарлар	
	Балалар және жасөспірімдерге арналған турлар	
Восток-Тур-Драйв (Өскемен)	Багги турлар	Қазақстан бойынша турлар
	Рафт турлар	

	Тау – жаяу турлар	
	Пейнтбол турлар	
	Снегоходтар	
	Скалодром	
	Экстрим парк	
	Жегілген иттермен серуендеу	
Astana Best Travel (Астана)	Экскурсиялық турлар	Қазақстан бойынша және шетелге бағытталған турлар[4]
	Іскерлік турлар	
	Той турлары	
	Мемлекеттер бойынша біріккен турлар	
	Емдік турлар	
*Авторлармен дайындалған		

Аталған туроператорлар қазақстандық туристік өнімнің жасаушылары болып табылады. Осы туроператорлардың қызмет көрсету сапасын және туристік нарықтағы белсенділігін бағалау мақсатында, біз аталған кәсіпорындардың интернет-сайттарында клиенттердің қалдырған пікірлерін талдадық. Жүргізілген талдаудың нәтижесінде, келесідей үш туроператордың қызметтеріне сұраныстың жоғары екендігін анықтадық:

1. КөмекТур (Алматы);
2. «Рахмановские ключи» ЖШС (Өскемен);
3. Astana Best Travel (Астана).

Осы туроператорлардың ұсынатын Қазақстан бойынша экскурсиялық турларға, танымдық және емдік туризмге ішкі және шетелдік туристер тарапынан қызығушылық басым.

Ұсынылатын қазақстандық турөнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бірден – бір әсер ететін фактор – транспорт. Транспорттық тасымалдаулар туристік инфрақұрылымның маңызды элементі және туристік өнімнің құрамына кіретін қызметтердің негізгі кешені болып табылады. Транспорт тур бағасының құрылымында негізгі үлесті ала отырып, саяхаттың ұзақтығы мен алыстығына қарай 20%-дан 60%-ға дейін тұрақсызданады. Шетелдік келушілерге Қазақстанның ашық және қонақжай имиджін қалыптастыру үшін, сонымен қатар, экономикалық – туристік қатынастардың мүддесін қорғау үшін мемлекеттің транспорттық саясатын қайта қарастыру өте маңызды болып табылады.

Саяхат кезінде туристерді тасымалдауда туристік ұйымдар транспорттың бірнеше түрін қолданады. Транспорттық қызметтер құрылымында негізгі үлесті авиациялық транспорт алады. Әуе транспорты - тез және қарқынды дамып келе жатқан әлемдік шаруашылықтың саласы.

Қазақстан авиакомпанияларының құрамында қазақстандық әуе жолдары және Қазақстаннан шығатын халықаралық әуе жолдарында жүзеге асатын тұрақты және чартерлік рейстерді орындайтын тасымалдаушылар бар. Ел аумағында бар болғаны 10-нан аса әуе тасымалдаушылары бар. Олардың ішінде көлемі жағынан ең үлкендері – Эйр Астана және Скат әуе компаниялары.

Кесте 2. Қазақстан әуекомпанияларының баға айырмашылығы

Авиакомпания	Жұмысы басталған жыл	Ішкі ұшулар, бағасы, тг	Сыртқы ұшулар, бағасы, тг
SCAT	1997	Астана – Алматы, эконом класс – 27 068 тг;	Астана – Стамбул, эконом класс – 123 000 тг

Авиакомпания	Жұмысы басталған жыл	Ішкі ұшулар, бағасы, тг	Сыртқы ұшулар, бағасы, тг
<u>Air Astana</u>	2001	Астана – Алматы, эконом класс – 31 223 тг; бизнес класс – 56 481 тг.	Астана – Стамбул эконом класс – 65 025 тг; бизнес класс – 136 354 тг,
<u>Bek Air</u>	2011	Астана – Ақтау, эконом класс – 30 915 тг; бизнес класс – 40 915 тг.	-
*Авторлармен жасалынған			

Аталған осы үш әуе компаниялары Қазақстан ішінде және шетелдерге қарай жолаушыларды көп тасымалдайды. Кесте 2-де көрсетілген бағаларға сәйкес Эйр – Астана әуе компаниясының бағалары қалған екі компанияға қарағанда қымбат. Ал Скот және БекЭйр компанияларының бағасы арзан, мүмкін содан болар, көрсетілетін қызметтер сапасы төмен және ұшу кезінде көптеген қолайсыздықтар туғызады. Осыдан туатын мәселе Қазақстан аумағында сапасы мен бағасы қол жетімді әуе компанияларының санын көбейту қажет. Себебі, Қазақстанның ішкі туристік нарығындағы туристік өнімнің бағасына билет құны тікелей әсер етеді.

Сонымен бірге, қазақстандық турөнімді жасауда экскурсиялық турлардың алатын орны ерекше. Себебі, экскурсиялық турлар кез келген турөнімнің негізгі құраушысы болып табылады. Сондықтан да, Қазақстанның ірі қалаларында туристік экскурсияны ұйымдастыратын автобустар үлкен мәнге ие. Қазіргі таңда мұндай мақсатта қолданылатын автобустар тек Астана қаласында ғана бар. Олар - жалпы саны екеу, “Astana Bus Tours” екі қабатты автобустары. Бұл жоба “Менің елім” ішкі туризмді дамыту ассоциациясы мен Астана әкімшілігі және Индустрия және жаңа технологиялар министрлігімен жүзеге асырылды. Аталған автобустар “Hop on Hop off” жүйесімен жұмыс жасайды. Осындай автобустар шетел мемлекеттерінің туризм саласында кеңінен қолданылады және әлемнің үлкен қалалары мен астаналарының туристік символына айналған. Қазақстанның басқа ірі қалаларында осындай автобустарды қолданумен жүргізілетін туристік экскурсияларды ұйымдастыру Қазақстан атынан ұсынылатын туристік өнім түрлерін толықтырады. Сонымен қатар, олардың заманауи жаңа технологиялармен жабдықталуы және мамандандырылған гид – экскурсоводтардың болуы туристер тарапынан қызығушылықты арттырады.

Мақаланы қорытындылай келе, туризм инфрақұрылымын және туристік экскурсияларды дамытуға мүмкіндік беретін келесідей ұсыныстарды ұсынамыз:

- Қолданыстағыларын жетілдіру және жаңа (үлкен емес) әуежайлар мен Мемлекеттік шекарадан өткізу пункттерін, сондай-ақ тікұшақ алаңдарын салу;

- Әуе тасымалына қолжетімді баға ұсыну есебінен қолданыстағы ішкі әуе маршруттарға арналған рейстерді толтыру және жаңа әуе маршруттарды іске қосуды арттыру;

- Турөнімді өткізу қабілетін арттыру мақсатында Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы әуежайларды кеңейту;

- Қалалар арасындағы кіші авиацияны дамыту;

- Астана және Алматы қалаларында шолу экскурсияларына және шопинг-саяхаттарға арналған туристік автобус маршруттарын ашу.

Зерттей келе, жаһандану кезеңінде қазақстандық туристік өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында келесідей туристік өнімдерді туристік нарыққа енгізуге ұсыныс береміз:

- Қазақстанда болашақта дамытуға болатын турөнімнің негізгі екі түрі: ішкі туризм

және іскерлік сапарлар. Бұл екі туристік өнім халықаралық нарықта үлкен мүмкіндіктерге ие. Ішкі туризм Қазақстанның ЖІӨ-не қарағанда екі есе өсетін болады, іскерлік туризм мемлекеттің ЖІӨ-мен қатар өсетін болады.

➤ Қазақстан бойынша экологиялық турлар ел аумағында жоғары потенциалға ие, бірақ халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілігі төмен. Осы турөнімге деген әлеуетті қызығушылық 8,9 млн адамды құрайды (немесе жалпы әлеуеттің 63%-і). Бұл турлар әлемдік нарықта ең таңдаулы позицияға ие және Қазақстанның табысының негізгі көзі бола алады.

➤ “Далалық сафари” деп аталатын турөнімнің жаңа типіне 6,6 млн туристік лектің қызығушылығы көрініс табуда, дегенмен, қазіргі таңда осы турөнім әлемдік нарықта үлкен сұранысқа ие болатындай жүйелі философиямен және дизайнмен ұсынылған жоқ.

➤ Қазақстанда Каспий теңізінде жағажай туризмін дамытуға болатындай мүмкіндіктері бар. Бұл турөнімнің әлеуеті жоғары болғандықтан, оны халықаралық стандарттарға сай жасау қажет. Аталған туристік өнім әлеуетті туристік лектің 6,7 млн-ын тартады және Қазақстан үшін үшінші перспективалық туристік өнім болуға мүмкіндігі бар.

➤ Сонымен қатар, орташа әлеуетке ие екі туристік өнімді атауға болады: жабайы табиғаттан әсер алу және Байқоңыр ғарыш айлағы. Жабайы табиғат бойынша турлар қазіргі таңда Қазақстанда анағұрлым сатылымға ие. Бірақ туристік лектің 3,2 млн потенциалымен негізгі өнім бола алмайды. Байқоңыр ғарыш айлағы 2,7 млн шетел туристік лектерін қамтуы мүмкін. Ол егерде халықаралық класқа сәйкес инфрақұрылыммен жабдықталса, Қазақстанның табысты өнімі бола алады.

Қолданылған әдебиет

1. Оспанов Г.М. Международный туризм как форма внешнеэкономической деятельности Казахстана// Диссертация PhD. Қарағанды. 2014. 134-136б.
2. www.komektour.ucoz.kz
3. www.altaytravel.ru
4. www.astanabesttravel.kz
5. Смыкова М.Р. Туризм: экономика, менеджмент и маркетинг. – Алматы. 2006.

ӘОЖ 338. 48 (574.53)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИСТІК ЖАҒДАЙЫ МЕН ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Жақан Айдана Әлібекқызы, Күзербай Нургуль Кенжебекқызы

Kuzerbai.nurgul@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

1-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.Жолманова

Қазақстан Республикасының Президенті- Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына Жолдауында, Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуында жаңа межелер көрсетілген. Ал туризм ел экономикасының басымды бағыттарының бірі ретінде туризмді дамыту қажет. Туризм қазіргі таңда әлемдік экономикада маңызды салалардың бірі болып отыр. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның мағлұматы бойынша туризм әлемнің Жалпы Ұлттық Өнімінің оныншы бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 астам пайызын құрайды. [1]

Оңтүстік Қазақстан аймағы инфрақұрылымы дамыған, өнеркәсіптік және ғылыми-мәдени жағынан маңызды, орасан зор табиғи қорлары мен жеткілікті еңбек ресурстары бар үлкен өндірістік - экономикалық мүмкіндіктері бар аймақ болып табылады. Ерте кездердің өзінде Оңтүстік өңірі, оның Отырары мен Түркістаны, Сайрамы мен Шымкенті, Қаратауы